

**Қазақстан Республикасының материалдық құндылықтарды
жұмылдыру резервінен шығару (броньнан шығару тәртібімен) жөніндегі
тендер нәтижесінің
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

19.03.2015 ж.
сағ.:11:00

1) **Тендерлік комиссия құрамы:** А.Ә. Сәду – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің (бұдан әрі – ММРК) төрағасы, тендерлік комиссияның төрағасы; С.К. Сабырбаева – ММРК төраға орынбасары, тендерлік комиссияның төраға орынбасары; комиссия мүшелері: Д.А. Нұрқанов –ММРК Бухгалтерлік есеп және қаржы басқармасының басшысы; М.Б. Мағұлов – ММРК Жұмылдыру бөлімшесінің бас сарапшысы; Ә.А. Төребекова – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасы сарапшысының м.а., тендерлік комиссиясының хатшысы, үміткерлердің тендерге қатысу өтінімдер конвертін ашу процедурасын Астана қ., Янушкевич көш., 2, мекенжайы бойынша 2015 жылы 19 наурызда сағат 11:00-де өткізді.

(Қатыспаған: Б.Қ. Ахметов – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасының басшысы; іссапарда, 2015 жылғы 3 наурыздағы № 4-к бұйрық)

2) Тендер 2014 жылғы 31 желтоқсандағы ММРК жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын шығару (броньнан шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік комиссия отырысының хаттамасымен бекітілген Шығаруға жататын броньнан шығарылған жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарының тізбесіне сәйкес өткізілді.

3) Соңғы мерзім өткеннен кейін келіп түскен және ашылмаған тендерге қатысу өтінімдері **жоқ**.

4) ММРК-нің www.kgmr.gov.kz сайтында орналастырылған жұмылдыру резервінен материалдық құндылықтарды шығару бойынша тендерге қатысу өтінімі келесі тұлғадантендерге қатысу өтінімдерінің соңғы тапсыру мерзіміне дейін келіп түсті:

№	Үміткер атауы	Конверттер саны	Үміткер мекенжайы	Тіркеу күні	Тіркеу уақыты
1	«Рахимов Д.С.» ЖК	1	Астана қ., Қараөткел көшесі, 144 үй	18.03.2015ж.	17:55
	Барлық конверттер саны:	1			

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 1108 қаулысымен бекітілген Жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларының

(бұдан әрі – Қағидалар) 11-тармағына сәйкес тендерлік комиссиясы келесі өтінімді тіркеуге алды:

1. «Рахимов Д.С.» ЖК (№35 лот)

Тендерге қатысу өтінімі тігілген, мөрленген, нөмерленген, 6 бетте;

1. Тендерлік өтінім;
2. Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
3. Жеке куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі.

5) Тендер комиссиясы ашық түрде дауыс беру жолымен бағалау және салыстыру нәтижелері бойынша келесі өтінімді кері қайтару туралы **ШЕШІМ** қабылдады:

1. Тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді растайтын құжаттың түпнұсқасын ұсынбауының нәтижесінде, Қағидалардың 38-тармағының 3) тармақшасына сәйкес «Рахимов Д.С.» ЖК № 35 лот бойынша тендерге қатысу өтінімін.

Осы шешімге:

тендерлік комиссияның 4 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын»

деп дауыс берді.


6) Тендер нәтижесі тендер ұйымдастырушысының Ғаламтор-қорында (www.kgmr.gov.kz) жариялансын және қатысушыларға хабарлансын.

Тендерлік комиссия отырысында бейне жазбалары жүргізілді (қоса берілді).

Тендерлік комиссия отырысы 2015 жылғы 19 наурызда сағат 11.15-те жабылды деп есептелсін.

Комиссия төрағасы:

А.Ә. Сәду




Комиссия төрағасының орынбасары:

С.К. Сабырбаева




Комиссия мүшелері:

Д.А. Нұрқанов



М.Б. Мағұлов



Комиссия хатшысы:

Ә.А. Төребекова

